

**Арнайы экономикалық аймақтар әкімшіліктерінің өкілеттік мерзімдерін айқындау туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2012 жылғы 07 желтоқсандағы № 444 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 26 желтоқсанда № 8227 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2013 жылғы 02 тамыздағы № 236 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 02.08.2013 № 236 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

«Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 32-бабының 1-тармағына сәйкес **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Арнайы экономикалық аймақтар әкімшіліктері осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 2013 жылғы 1 наурызға дейінгі мерзімде басқарушы компаниялардың функцияларын орындасын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестиция комитеті (Е.Қ. Хаиров) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 16 тамыздан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

*Қазақстан Республикасы  
Индустрия және жаңа  
технологиялар министрінің  
А. Рау*

*міндетін атқарушы*

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және жаңа  
технологиялар министрінің  
міндетін атқарушысының

2012 жылғы 07 желтоқсандағы

№ 444 б ұ й р ы ғ ы н а

қосымша

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймақ дирекциясы» мемлекеттік мекемесі.

2. «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймақ дирекциясы» мемлекеттік мекемесі .

3. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің «Ұлттық индустриялық мұнай-химиялық технопаркі» арнайы экономикалық аймақ дирекциясы» мемлекеттік мекемесі.

4. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Туризм индустриясы комитетінің аумақтық департаменті - «Бурабай» арнайы экономикалық аймағының әкімшілігі» мемлекеттік мекемесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК